

А.А. Маймурунова\*, PhD<sup>1</sup>

З.С. Темиралиева, магистр<sup>2</sup>

Esil University, Астана қ., Қазақстан<sup>1</sup>

Қазақ технология және бизнес

университеті, Астана қ., Қазақстан<sup>2</sup>

\* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: akkma@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МОНОҚАЛАЛАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ СЦЕНАРИЙІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада инновациялық даму әлеуеті мен мүмкіндіктері бар және әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрақты моноқалалардың инновациялық даму сценарийін жүзеге асыру жолдары мен бағыттары көрсетілген.

Зерттеу жұмысында моноқалалардың инновациялық дамуының маңызды шарты ретінде барлық мүдделі тараптардың күштерін біріктіру қажет, сондықтан, бұл жағдайда қала дамуындағы мүдделі тараптардың өзара іс-қимылдарын үйлестіретін, коммуникацияның тиімділігін арттыратын және олардың іс-қимылдарының алгоритмін көрсететін арнайы инновациялық технологиялық платформа құру ұсынылады.

Моноқалалардың инновациялық әлеуетін жандандыру шаралары инвестициялар тарту мәселесін шешуді талап ететіні анықталды. Әдетте, олар инновацияға инвестиция тартуда жергілікті басқару органдарының жоғары қызығушылығымен, олардың жаңа технологиялардың дамуын инвестициялауға дайындығымен, тұрақты қызмет атқаратын қала құраушы кәсіпорымен, дамыған кәсіпкерлік сектормен, халықтың әл-ауқатының жоғары көрсеткіштерімен сипатталды. Инновациялық даму мүмкіндігі мен әлеуеті бар моноқалалардың инновациялық дамуын басқару үлгісі Қарағанды облысы моноқалалары мысалында көрсетілді.

Осылайша, мақалада моноқалалардың инновациялық дамуға бағдарланған сценарийді жүзеге асырудағы тетіктер мен құралдарды пайдалану халықтың өмір сүру деңгейінің сапасын арттыруға, шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы орта құруға және аумақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретіні айқындалды.

**Кілт сөздер:** моноқала, инновациялық даму, инновация, инновациялық даму сценарийі, инвестициялық жоба, инновациялық әлеуеті, басқару тетіктері, инновациялық өнім, инновациялық үдеріс, инновациялық орта.

**Ключевые слова:** моногород, инновационное развитие, инновация, сценарий инновационного развития, инвестиционный проект, инновационный потенциал, механизмы управления, инновационный продукт, инновационный процесс, инновационная среда.

**Keywords:** monotown, innovative development, innovation, scenario of innovative development, investment project, innovative potential, management mechanisms, innovative product, innovative process, innovative environment.

**Кіріспе.** Моноқалалардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін ықтимал сценарий ретінде болжамды-талдамалық зерттеулер негізінде аумақтардың инновациялық дамуы сценарийі ұсынылады.

Инновациялық даму сценарийін жүзеге асыру қажеттілігі Қазақстан моноқалалары экономикасының сапасы мен құрылымын жаңарту, шикізаттық секторлар мен дайын өнім импортына тәуелділігін әлсірету, өңдеуші өнеркәсіп пен жоғары технологиялық салалар мен тұтынушы секторының рөлін күшейту үшін қажет. Моноқалалардың экономикалық жағдайын тұрақтандыру, ішкі ресурстарды үнемдеп, оларды тиімді қолдануға бағытталған ұзақ мерзімді инновациялық даму сценарийін таңдау маңызды болып табылады.

Қазақстан моноқалаларының инновациялық даму сценарийін жүзеге асыру өңірлік саясатта «шикізаттық» даму үлгісінен индустриялық-инновациялық дамуға көшу міндеттеріне сәйкес келетін елеулі өзгерістер қажет етеді. Олар аумақтардың экономикасын жаңғыртуға, жинақталған әлеуетті толық пайдалануға, қаланың барлық экономика құрылымын жақсартуға қайта бағдарлаудан тұрады. Сценарийді жүзеге асыру негізінде қаланың сыртқы инвестиция ресурстары артып, экономика салалары техникалық және технологиялық қайта жабдықталып, адам капиталының сапасы өсіп, халықтың тұрмыс деңгейі жақсарып, табыс көзі артады. Моноқала тартылыс орталығына, жоғары сапалы жұмылғыш жұмыс күші, инновациялық технологиялар, мәдени құндылықтары және т.б. болашақ ресурс «инкубаторына» айналады. Шағын кәсіпкерлік, оның ішінде инновациялық технологиялар белсенді дамиды. Бюджеттің толуында өсу байқалып, қаланың негізгі әлеуметтік-экономикалық параметрлері жоғары көрсеткіштер көрсетеді.

Сценарийдің басты мақсаты моноқаланың экономикалық дағдарысқа орнықтылығын және қала құраушы кәсіпорынның қызметіне тәуелділігін азайтуға және бәсекеге қабілетті басқа елді мекендер қатарына қосылу мен ең негізгісі тиімді таңдалған және жүзеге асырылған іс шаралар негізінде, оның болашақта көп бейінді қалаға ауысуын қамтамасыз ету.

**Зерттеу мақсаты** – моноқалалардың экономикалық дағдарысқа орнықтылығын және қала құраушы кәсіпорынның қызметіне тәуелділігін азайтуға және бәсекеге қабілетті басқа елді мекендер қатарына қосылу мен ең негізгісі тиімді таңдалған және жүзеге асырылған іс шаралар негізінде, оның болашақта көп бейінді қалаға ауысуын қамтамасыз ететін инновациялық даму сценарийін жүзеге асыру жолдарын ұсыну.

**Зерттеу әдістері.** Мақалада болжамды-талдамалық зерттеулер және стратегиялық талдау, экономикалық талдау және синтез әдістер қолданылды.

**Әдебиеттік шолу.** Экономиканың инновациялық дамуының негізгі сұрақтары, инновацияның экономикалық өсуінің факторы ретінде маңыздылығын негіздеу көптеген шетелдік және отандық ғалымдар өз зерттеулерінде қарастырылған. Атап айтсақ, қазіргі кездегі моноқалалардың дамуы мен қызмет етуінің жалпы мәселелері Д.Е. Шваков, А.А. Быков, Т.А. Коновалова, М.С. Саргиджян, И.И. Ильина, В.И. Малый, Д. Сепик, Райзберг Б.А. және т.б. ресейлік ғалымдардың жұмыстарында айтарлықтай толық қарастырылған. Инновация мазмұны, инновациялық үдеріс және әлеует, инновациялық дамуды басқару, моноқалалардың инновациялық дамуымен байланысты сұрақтарына келесі ресейлік зерттеушілердің еңбектері арналған: А.И. Лыткин, Д.Е. Шваков және т.б.

Қазақстандағы аймақтық экономика аясында моноқалалардың экономикасын жаңғырту мәселелерін зерттеген отандық ғалымдар қатарында: Б.С. Толысбаев, Абилдаханова С.Р., М.К. Тузубекова, Е.М. Арын.

Көптеген авторлар моноқалалардың экономикасын заманауи басқарудың базалық ережелерін зерттегенде жалпы қалалық әлеуметтік-экономикалық жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын, экономикасын жаңғырту мен әртараптандыру үдерісін қамтамасыз ететін моноқалалардың инновациялық дамуын басқару сұрақтарын толыққанды ашпайды. Осыған орай моноқалалардың экономикасын қайта құрылымдауға бағытталған стратегия, бағдарлама, тетіктерді әзірлеу барысында жергілікті басқару органы, қала құраушы кәсіпорын, бизнес және қала халқының серіктестік өзара байланысын білдіретін, олардың келешекте инновациялық дамуын жүзеге асыру сценарийін зерттеудің өзектілігі мен тәжірибелік маңыздылығы анықталады.

**Негізгі бөлім.** Жалпы дүние жүзінде қалалардың инновациялық даму трендтеріне жүгінсек, оларға: декорбонизация, жасыл экономика; технологиялық озық даму; цифрландыру, ақылды қала тұжырымдасы; заманауи инфрақұрылым және «жасыл» ұтқырлық; мониторинг үшін деректердің қолжетімділігі; коммуникация мен байланыстың дамуы жатады [1].

Атап айтатыны, мұндағы инновациялық тәсіл тек жаңа технологияларды пайдаланудан ғана тұрмайды, сонымен бірге, қаланың тұрақты дамуындағы дәстүрлі кедергілерді жою болып табылады.

Сонымен моноқаланың инновацияға бағдарланған бәсекеге қабілетті тұрақты экономикасын қалыптастыру:

- экономиканың технологиялық базасын әртараптандыру, жаңарту және жаңғырту және оның негізінде бәсекеге қабілетті тауарлар, өндірісінің ауқымын кеңейтуді, инновациялық өнімдер мен технологияларды өндірушілерді кең ауқымды мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруды;


- тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету факторларының бірі ретінде инновациялық қызметтің инфрақұрылымын құру және дамытуды [2];

- экономиканың нақты секторларына, орта және шағын бизнесті қолдау, моноқала үшін маңызды инвестициялық жобаларды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жолдарын жетілдіру арқылы қолайлы инвестициялық климат қалыптастыруды;

- моноқаланы инновация қаласы ретінде позициялауды және халықтың табысының өсуі мен өмір сүру сапасы және деңгейінің артуын, инновациялық өнімге сұраныстың артуын және т.б. көздейді.

Қазақстан моноқалаларының инновациялық дамуына ықпал ететін қала құраушы кәсіпорын, жергілікті басқару органдары мен халық және бизнес өкілдерінің, ғылым саласының өзара қатынасын анықтайтын «Инновациялық даму» технологиялық платформасын құру маңызды. Платформа қала өміріне қатысты көптеген мүдделі тараптардың жұмысын үйлестіреді [3].

«Инновациялық даму» технологиялық платформасын құрудың негізгі мақсаты қала құраушы кәсіпорын, жергілікті басқару органдары мен халық және бизнес өкілдерінің, ғылым күштерін үйлестіру негізінде моноқалалардың экономикасының тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тетігін қалыптастыру.



1-сурет. Моноқалалардағы мүдделі жақтарының тиімді өзара әрекеттесуіне арналған «Иновациялық даму» технологиялық платформа құрылымы

\* Авторлармен құрастырылған

Технологиялық платформаның атқаратын негізгі міндеттері:

- 1) иновациялық инфрақұрылым нысаны;
- 2) барлық мүдделі тараптардың қызметтерін моноқалалардың иновациялық дамуы үшін жұмылдыру тәсілі;
- 3) ұлттық иновациялық даму саясаттын жүзеге асыру үдерісіне қатысатын барлық мүдделі тараптардың қызметін үйлестіру тетігі ретінде;
- 4) кәсіпорындардың иновациялық белсенділігін арттыру, жетекші зерттеу және білім беру ұйымдарымен тұрақты серіктестікті қалыптастыру;
- 5) зерттеулер мен әзірлемелерді бизнес тарапынан талап ету деңгейін ескере отырып, оларды мемлекеттік қаржыландыру, бірлескен иновациялық жобаларды қаржыландырудың әртүрлі көздерін біріктіру үшін жағдайлар жасау;
- 6) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту жолдары және халықаралық және аймақаралық ынтымақтастықты дамыту тәсілі;
- 7) инвестициялық құрал – сайыстар ұйымдастыру және қатысу, мақсатты қаржыландыруды тарту;

Осыған байланысты моноқалалардың иновациялық даму стратегиясын жүзеге асыруға мүдделі тараптардың барлық топтарының (халық, жергілікті басқару органдары және бизнес өкілдері, өнеркәсіп және білім және ғылым т.б.) мүдделерін интеграциялау құралы немесе тетігі ретінде иновациялық-технологиялық платформаларды қалыптастыру қажет [4].

Тиімді басқару тетіктерін қолдана отырып моноқалалардың иновациялық даму бағытына өтуге үлкен мүмкіндігі болады. Бәсекеге қабілетті иновациялық өніммен тек ішкі нарықта ғана емес, сонымен бірге сыртқы да нарықты қамтамасыз етеді [5]. Иновациялық даму мүмкіндігі бар моноқала басқа қалалардан қарағанда өзіндік артықшылыққа да ие болады. Әдетте, олар иновацияға инвестиция тартуда жергілікті басқару органдарының жоғары қызығушылығымен, олардың жаңа технологиялардың дамуын инвестициялауға дайындығымен, тұрақты қызмет атқаратын қала құраушы кәсіпорындармен, дамыған кәсіпкерлік сектормен, халықтың әл-ауқатының жоғары көрсеткіштерімен сипатталады. Мұндай моноқалалардың мақсаты өзінің бәсекеге қабілеттілігін қолдауға және қаржы

тартудың жаңа нысандарын іздеу болып табылады [6]. Сондықтан олар инвесторлар үшін неғұрлым тартымды, моноқалаларға инновациялық жобаларды енгізудің коммерциялық әсері де жоғары болады, бұл артық шығынсыз технологиялардың тез таралуы есебінен қол жеткізіледі.

Моноқалалардағы экономиканы әртараптандырудағы жергілікті биліктің міндеті - қаланың инвестициялық тартымдылығын, қалалық орта сапасы мен әлеуметтік стандарттарды арттыру үшін жұмыс жасау. Бұл міндеттерді шешу әкімшіліктерден құзыреттіліктің жоғары деңгейі мен тиімді басқарушылық шешімдерді талап ететіні анық [7].

Адам әлеуеті, оның «креативтілігі» дәрежесі – моноқаланың өсуінің, инновациялық дамуының кепілі [8]. Моноқалалардың инновациялық дамуының шетелдік тәжірибесін зерттеу барысында (Германияның Рур қаласы, Францияның Рон-Альпі провинциясының қалалары, Жапония мен Ұлыбританияның бірқатар порт қалалары) оларды қайта құрылымдау мен дамыту, инновациялық жобаларды және бағдарламаларды іске асырудың кілті адами әлеует болып табылатыны анықталды. Демек, жергілікті тұрғындардың «шығармашылық» қабілеттерін ояту, бұл моноқаланы табысты жаңғырту мен инновациялық дамытудың кепілі.

Қарағанды облысы моноқалаларының инновациялық дамуын басқару үлгісі төменгі суретте көрсетілген.



2-сурет. Қарағанды облысы моноқалаларының инновациялық дамуын басқару моделі

\* Авторлармен құрастырылған

Ресей Федерацияның тәжірибесі бойынша моноқалалар аумағына инвестицияларды тартуға бағытталған іргелі даму аумақтарын қалыптастыру маңызды шарт болып табылады [9]. Себебі моноқалалардағы кешенді мәселелерді инвесторлар үшін тартымды жағдай жасау арқылы шешуге болады. Ал озық дамыған әлеуметтік-экономикалық аумақтар инвесторлар үшін бірқатар жеңілдіктер мен артықшылықтар ұсынумен ерекшеленеді.

Озық әлеуметтік-экономикалық даму аумағы – инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру, жедел әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету және халықтың ыңғайлы тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайларды жасау мақсатында кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асырудың ерекше құқықтық тәртібі белгіленген аумақтың бір бөлігі екені мәлім [10].

Ұсынылған шараларды жүзеге асыру арқылы моноқалалардың жоғары даму көрсеткіштеріне қол жеткізуге болады. Азаматтық қоғам, жергілікті басқару органдары және бизнес өкілдері өзара келісу арқылы инновациялық жобаларды жүзеге асыруға ат салысулары маңызы болып табылады.

Осылайша зерттеу барысында алынған нәтижелерге сәйкес, моноқалалардың даму әлеуетіне орай инновациялық даму сценарийін таңдау арқылы олардың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан тұрақтылығына қол жеткізуге болады. Дегенмен моноқалалардың бірден инновациялық даму жолына өтуі, әсіресе шикізаттық секторға бағытталған моноқалалар үшін мүмкін емес. Аумақтық даму әлеуетін пайдалана отырып шикізаттық, индустриалды және постиндустриалды салаларды шамамен бірдей деңгейде дамытуға болады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей әсіресе постиндустриалды (инновациялық) секторға көп көңіл бөлу керек деген қорытынды жасауға болады. Ол кезегінде технологиялық арта қалу қауіпін болдырмауға мүмкіндік береді [11].

**Қорытынды.** Сонымен инновациялық даму бағыты моноқалалардың келесі экономикалық қызмет түрлерін белсенді дамытуға мүмкіндік береді: қала кәсіпорындарын технологиялық жаңғырту және олардың өндіретін тауарлар номенклатурасын кеңейту, өндірістік, әлеуметтік, көліктік инфрақұрылымды дамыту, өндірістік жалпы көлемінде шағын және орта кәсіпкерлік үлесін ұлғайту, өндірістік және қызмет көрсету секторына инновациялық технологияларды белсенді енгізу және т.б.

Инновациялық даму әлеуеті бар моноқалалардың экономикасын жаңғыртуды басқаруда моноқалалар экономикасының қазіргі жай-күйі мен алдыңғы даму трендінің үрдістеріне сүйене отырып, институционалдық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық инновациялардың өзара байланысын білдіретін инновациялық нұсқаны пайдаланған жөн, атап айтқанда:

- білім менеджменті құралдарын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік және жобалық қаржыландыру тетіктерін пайдалану;

- тиімсіз қала құраушы кәсіпорындары базасында қосылған құны жоғары бәсекеге қабілетті өнімнің жаңа өндірісін құру, осы кәсіпорындарда шағын және орта бизнесті дамыту үшін институционалдық және ұйымдық-экономикалық жағдайлар қалыптастыру;

- мемлекеттік, өңірлік және жергілікті билік органдарының жергілікті ресурстарды табысты пайдаланатын экономиканы жаңғыртудың кешенді инвестициялық жобаларын әзірлеу, ілгерту және сүйемелдеу үдерісін қолдауы өңірлерді «өсу нүктесіне» айналдырады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маймурунова А.А., Арын Е.М. Қарағанды облысының моноқалаларының инновациялық даму стратегиялары // Қарағанды университетінің Хабаршысы. – 2019. – № 2(94). – Б. 145-152.
2. Ильина И.Н. Стратегии модернизации моногородов России // Развитие монопрофильных населенных пунктов в Российской Федерации: сб. науч. тр. – М.: Финан. ун-т, 2012. – С. 4-11.
3. Malyu V. Russian Innovation Monotowns: Positive Experience in Socio-Economic // Development Bulletin of the volga region Institute of Administration. – 2020. – Vol. 20, № 5. – P. 40-41.
4. Maimurunova, A. Problems of Sustainable Development of Single-Industry Towns. Example of Karaganda Region // Journal of Environmental Management and Tourism. – Vol. 13, № 3(59). – P. 707-721.
5. Маймурунова А.А. ҚР моноқалаларының инновациялық әлеуетін бағалау әдістемесі // ҚазЭҚХСУ Хабаршысы. – 2022. – № 2(47). – Б. 121-128.
6. Сепик Д. Индикаторы конкурентоспособности регионов: европейский подход // Регион: экономика и социология. – 2005. – № 2. – С. 197-205.

7. Маймурунова А.А. Цифровая городская среда: оценка ее развития в моногородах // Финансовые технологии в цифровой экономике: проблемы и перспективы развития в мире и России: матер. междунар. круг. стола. – М.: РУДН, 2019. – С. 83-93.
8. Шваков Е.Е., Шваков Д.Е. О формах и инструментах стимулирования инвестиционной деятельности в моногородах // Развитие управленческого консалтинга в регионах: сб. науч. ст. по матер. 2-й междунар. науч.-практ. конф. – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2015. – С. 49-53.
9. Казыбаев Б.О., Абилдаханова С.Р., Тузубекова М.К. и др. Диверсификация экономики моногородов Казахстана // Мемлекеттік аудит – Государственный аудит. – 2019. – № 4(45). – С. 70-77.
10. Маймурунова А.А., Толысбаев Б.С., Быков А.А. Қарағанды облысы моноқалаларының инновациялық даму тетіктері // ЕНУ Вестник. – 2021. – № 4. – Б. 113-122.
11. Райзберг Б.А. Технологические платформы как инструмент государственного регулирования и координации инновационной деятельности // Известия МГТУ «МАМИ». – 2012. – Т. 3, № 2(14). – С. 42-45.

## REFERENCES

1. Maimurunova A., Aryn E. Karagandy oblysynyn monoqalalarynyn innovasiyalyk damu strategialary // Karagandy universitetinin Habarshysy. – 2019. – № 2(94). – B. 145-152 [in Kazakh].
2. Ilina I. Strategii modernizatsii monogorodov Rosii // Razvitie monopofilnyh naselennykh punktov v Rosiskoi Federatsii: sb. nauch. tr. – М.: Finan.un-t, 2012. – S. 4-11 [in Russian].
3. Malyy V. Russian Innovation Monotowns: Positive Experience in Socio-Economic // Development Bulletin of the volga region Institute of Administration. – 2020. – Vol. 20, № 5. – P. 40-41.
4. Maimurunova, A. Problems of Sustainable Development of Single-Industry Towns. Example of Karaganda Region // Journal of Environmental Management and Tourism. – Vol. 13, № 3(59). – P. 707-721.
5. Maimurunova A. KR monokalalarynyn innovasiyalyk aleuetin bagalau adistemesi // KazEKHSU Habarsysy. – 2022. – № 2(47). – B. 121-128 [in Kazakh].
6. Sepik D. Indikatory konkurentosposobnosti regionov: evropeiski podhod // Region: ekonomika i sosiologiya. – 2005. – № 2. – S. 197-205 [in Russian].
7. Maimurunova A. Sifrovaiaigorodckaiacreda: osenkaeeraevitia v monogorodah // Finansovyetehtnologii v sifrovoiekonomike: problemy i perspektivyrazvitiya v mire i Rosii: mater. mejdunar. krug. stola. – М.: RUDN, 2019. – S. 83-93 [in Russian].
8. Shvakov E., Shvakov D. O formah i instrumentahstimulirovaniainvestisionnoideiatelnosti v monogorodah // Razvitieupravlencheskogokonsaltiña v regionah: sb. nauch. st.po mater. 2-i mejdunar. nauch.-prakt. konf. – Barnaul: İzd-vo Alt. un-ta, 2015. – S. 49-53 [in Russian].
9. Kazybaev B., Abildahanova S., Tuzubekova M. i dr. Diversifikatsia ekonomiki monogorodov Kazahstana // Memlekettik audit – Gosudarstvennyi audit. – 2019. – № 4(45). – S. 70-77 [in Russian].
10. Maimurunova A., Tolysbaev B., Bykov A. Karagandy oblysy monoqalalarynyñ innovasiyalyq damu tetikteri // ENU Vestnik. – 2021. – № 4. – B. 113-122 [in Kazakh].
11. Raizberg B. Tehnologicheskie platformy kak instrument gosudarstvennogo regulirovaniya i koordinatsii innovatsionnoi deiatelnosti // İzvestia MGТУ «МАМІ». – 2012. – Т. 3, № 2(14). – S. 42-45 [in Russian].

Маймурунова А.А., Темиралиева З.С.

## ПУТИ РЕАЛИЗАЦИИ СЦЕНАРИЯ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ МОНОГОРОДОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

### Аннотация

В статье показаны пути и направления реализации сценария инновационного развития моногородов с потенциалом и возможностями инновационного развития и стабильным социально-экономическим положением.

В исследовательской работе необходимо объединить усилия всех заинтересованных сторон как важное условие инновационного развития моногородов, поэтому в данном случае предлагается создать специальную инновационную технологическую платформу, которая координирует взаимодействие заинтересованных сторон в развитии города, повышает эффективность коммуникаций и отражает алгоритм их действий.

Установлено, что меры по активизации инновационного потенциала моногородов требуют решения вопроса привлечения инвестиций. Как правило, они характеризовались высокой заинтересованностью

органов местного самоуправления в привлечении инвестиций в инновации, их подготовкой к инвестированию в развитие новых технологий, постоянно действующим градообразующим предприятием, развитым предпринимательским сектором, высокими показателями благосостояния населения. Модель управления инновационным развитием моногородов с возможностями и потенциалом инновационного развития представлена на примере моногородов Карагандинской области.

Таким образом, в статье установлено, что использование моногородами механизмов и инструментов в реализации сценария, направленного на инновационное развитие, позволит повысить качество жизни населения, создать благоприятную среду для развития малого и среднего бизнеса и повысить конкурентоспособность территории.

**Maimurunova A., Temiraliyeva Z.**

**WAYS TO IMPLEMENT THE SCENARIO OF INNOVATIVE DEVELOPMENT  
OF SINGLE-INDUSTRY TOWNS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Annotation**

The article shows the ways and directions of implementing the scenario of innovative development of single-industry towns with the potential and opportunities for innovative development and a stable socio-economic situation.

In the research work, it is necessary to combine the efforts of all stakeholders as an important condition for the innovative development of single-industry towns, therefore, in this case it is proposed to create a special innovative technology platform that coordinates the interaction of stakeholders in the development of the city, increases the efficiency of communications and reflects the algorithm of their actions.

It is established that measures to activate the innovative potential of single-industry towns require a solution to the issue of attracting investment. As a rule, they were characterized by a high interest of local governments in attracting investments in innovations, their preparation for investing in the development of new technologies, a permanent city-forming enterprise, a developed business sector, and high indicators of the well-being of the population. The model of management of innovative development of single-industry towns with opportunities and potential for innovative development is presented on the example of single-industry towns of the Karaganda region.

Thus, the article establishes that the use of single-industry towns of mechanisms and tools in the implementation of a scenario aimed at innovative development will improve the quality of life of the population, create a favorable environment for the development of small and medium-sized businesses and increase the competitiveness of the territory.

